



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№1 (108)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдукап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Базылхан Н.</i> Түрік дәуірінің ғұрыптық кешендері мен бедіз-тас мүсіндері: этномәдени сипаттамасы <i>Bazyilkhan N.</i> Memorial Complexes and Stone Sculptures-Bediz: Ethnocultural Characteristics of the Turkic Period <i>Базылхан Н.</i> Поминальные комплексы и каменные изваяния-бедиз: этнокультурная характеристика тюркского периода.....	6
---	---

Этнология / Ethnology /Этнология

<i>Абдукамалова Э.С.</i> Қазақтардың темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы тілдік бірліктердің этномәдени семантикасы <i>Abdukamalova E.S.</i> Ethnocultural Semantics of Linguistic Units of Sacred Significance Associated with Blacksmithing among Kazakhs <i>Абдукамалова Э.С.</i> Этнокультурная семантика языковых единиц сакрального значения, связанных с кузнечным ремеслом у казахов.....	30
<i>Алиев А., Аманова Б.</i> Қарабах халқының рухани мәдениеті (халық ауыз әдебиетін этнографиялық тұрғыдан зерттеу) <i>Алиев А., Аманова Б.</i> Духовная культура Карабахского народа (Этнографическое исследование народной устной литературы) <i>Aliyev A., Amanova B.</i> From the Spiritual Culture of the Population of Karabakh (Ethnographic Study of Folk Tales).....	50
<i>Мамедова И. Г.</i> Әзірбайжанның су жүргізу жүйесіндегі кәріздер <i>Mammadova I. G.</i> The Role of Qanat in the Water Supply Sistem of Azerbaijan <i>Мамедова И. Г.</i> Кяхризы в системе водоснабжения Азербайджана.....	60
<i>Алиев А.</i> Караязы облысының рухани мәдениеті (Тахла Чуқай халқының материалдары негізінде) <i>Aliyev A.</i> From the spiritual culture of the Karayazi region (based on the materials of the population of Tahla Chukay) <i>Алиев А.</i> Из духовной культуры региона Караязи (на основе материалов населения Тахла Чукай).....	73

Тарих/ History / История

<i>Серікбаева С.А., Шаметов С.Т.</i> Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнері <i>Serikbayeva S.A., Shametov S.T.</i> Military Art of the Warriors of the Kazakh Khanate <i>Серикбаева С.А., Шаметов С. Т.</i> Военное искусство воинов казахского ханства.....	88
<i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Қазақстан тарихнамасындағы ақпараттық текетірес: цензура жағдайында баламаларды іздеу <i>Aktailak B.B.</i> Information confrontation in the historiography of Kazakhstan: search for aternatives under conditions of censorship <i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Информационное противостояние в историографии Казахстана: поиск альтернатив в условиях цензуры.....	100

Ғылым жаңалығы / Science news / Новости науки

<i>Абдукамалова Э. С.</i> Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С. «XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» монографиясына, Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С., Темірханова А. «Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мұрағат деректерінде» мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағына шолу.....	115
--	-----

Этнология/ Ethnology/ Этнология

FTAMP 16.21.51

<https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.02>

Абдукамалова Э. С.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Астана, Қазақстан

e-mail: Abdukamalovae@mail.ru

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТЕМІР ҰСТАЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ САКРАЛДЫ ҰҒЫМДАҒЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Ғасырлар бойы темір ұсталығы өнері көптеген халықтардың мәдениетінде ерекше орын алды. Темір ұсталығы – тек қолөнер ғана емес, сонымен қатар символдық мәні тереңнен бастау алатын ерекше қасиетті құбылыс. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі темір ұсталығымен байланысты тылсым құбылыстар халық санасында сакралды ұғымдарды қалыптастырды. Осыған орай мақалада қазақ халқының темір ұсталығы өнеріне қатысты сакралды ұғымдағы тілдік бірліктердің этномәдени семантикасы тарихи-мәдени мұра контекстінде қарастырылды. Зерттеудің мақсаты – темір ұсталығына қатысты атаулардың тілдік-мәдени семантикасында орныққан сакралды ұғым-түсініктердің табиғатын, материалдық және рухани мәдениеттің сабақтастығын айқындау.

Мақалада темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы атаулардың ұлттық-мәдени және лексика-семантикалық ерекшеліктерін қарастыруда салыстыру, сипаттау, талдау әдістері және этномәдениеттанымдық тәсілдер пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде мұндай атаулардың этномәдени семантикасының түпкі негізінде ұлтымыздың мәдени кодында астарланған тарихы, мәдениеті, салт-санасы және басқа да құндылықтардың жатқандығы нақтыланды. Қазақтар әлемінің тілдік әрі этникалық бейнесін жасауда темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы атаулардың этномәдени семантикасын айқындаудың, сондай-ақ бұл дәстүрлі өнер түрін және оған қатысты этномәдени лексикалық бірліктерді заттай және рухани мәдениет тұрғысынан кешенді түрде зерттеудің маңыздылығы жөнінде қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: темір ұсталығы өнері, темір ұстасы, ұстахана, қасиетті, пір, ұста құралдары, тылсым құбылыстар, мәдениет.

Дәйексөз үшін: Абдукамалова Э.С. Қазақтардың темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы тілдік бірліктердің этномәдени семантикасы // Мәдени мұра. 2025. №1 (108). 30-49 б.(қазақ.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.02>

Кіріспе

Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын, этномәдени ақпаратты сақтаушы – музей жәдігерлері болса, музейдің міндеті – атадан балаға мирас боп жеткен асыл қазынамызды жинақтап, зерттеу нәтижесінде халыққа ақпарат беру, насихаттау болып табылады.

Музей ісінің дамуы адамзаттың рухани тәжірибесінде жинақталған мәдениет ескерткіштерімен тікелей байланысты. Кез келген қоғамның материалдық мәдениетінің негізі заттар (бұйым, жәдігер, экспонат) болып табылады. Мәдениеттің өмір сүру формаларының бірі ретінде олар адам өмірінің құндылықтарын көрсетеді. Тарихи-мәдени мұра ретінде музейлерде сақталатын әрбір заттың белгілі бір ақпарат арқалаған өзіндік қасиеттері болады.

Кез келген этнографиялық жәдігер, ең алдымен, екі түрлі ақпараттық дерек береді; біріншіден, жәдігердің өзі «этнографиялық мәтін» болып табылады, яғни белгілі бір этностың мәдениетінің элементі ретінде этникалық ортаны, мәдениетті сипаттай алуымен қатар, тұрмыстық ортадан алынып, музей жәдігеріне айналған зат ретінде «өне бойы» деректік ақпаратқа толы болады, екіншіден, сол этностың тек мәдениеті ғана емес, бүкіл тарихи-әлеуметтік, экономикалық, шаруашылық, саяси өмірінен ақпарат бере алатын мүмкіншілігі бар тарихи-мәдени мұра болып табылады (Кемелова, 2024).

Осыған орай, белгілі бір ақпарат арқалаған темір ұсталығы өнеріне қатысты *темір, темірші, ұста, ұстахана, дүкен, көрік, төс, қысқаш, балға, пір, кие* және т.б. атаулар, сондай-ақ фразеологизмдер, мақал-мәтелдер

сияқты тілдік бірліктердің этномәдени семантикасын тарихи-мәдени мұра контекстінде этнолингвистикалық тұрғыда зерттеудің маңызы зор.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде темір ұсталығы өнеріне қатысты атаулардың мағынасы сакралды ұғымдармен байланысты қаралады. Қазақтың дүниетанымы, наным-сенімі бойынша темір ұсталығы өнерін Тәңірдің сыйы деп, темірден түйін түйетін ұсталарды және олардың құрал-саймандарын қасиетті, киелі (сакралды) санаған.

Жалпы сакралдылық ұғымдарға деген қызығушылық соңғы кездері қарқынды дамып келеді. Сакралдылық мазмұндағы лингвистикалық зерттеулер ХХ ғасырдың 90-жылдардың аяғында діни мәтіндердің лексикасы мен фразеологиясын зерттеуден бастау алды (Юдин 1992, Стижко 1995, Ковшова 1996, Телия 1996, Никитина 1998, Бетехтина 1999). Соңғы жылдардағы лингвистикалық зерттеулерде сананың ұлттық-мәдени стереотиптерін тілде көрсету мәселесіне көп көңіл бөлінуде (Коновалова, 2007: 6).

Қазақ ғалымдары зерттеулерінде сакралдық ұғымы нақтылап, оның көпшілікке танымал да, таныс емес те аспектілері көрсетіліп, түрлі тілдердегі анықтамаларына салыстырмалы-салғастырмалы талдау жүргізілген. Зерттеушілер сакралдылық ұғымы дінтану, философия, мәдениеттану, өнертану, археология, этнология, фольклористика, филология ғылымдарының ықпалдастығы аясында түсіндіріліп, талданғанда ғана оның мағынасы толық ашылатындығын айтады (Боранбай, Камшева, Оралова, Төлебаева, 2023).

«Руханият әлеміндегі киелі ұғымдар» атты зерттеу жұмысында

киелілік (сакралдылық) ұғымы адамзат мәдениетінің қалыптасу тарихымен тығыз байланыста қарастырылып, сакралдылық тек діни өмірді ғана емсе, жалпы мәдени және рухани өмірді қамтитын құбылыс екендігі айтылған. Ежелгі түркілік дәстүрлерден бастау алған қазақ дүниетанымындағы сакралды немесе қасиетті құндылықтардың концептуалды түсінігінің ғылыми негіздемелері талданған. Зерттеушілер сакралдық идеясын әмбебап және тарихтан тыс жалпыадамзаттық өзек деп қарастыруға болатынын жазады (Жүзей, Исахан, 2022).

Ғылымда сакралдылықтың классикалық түсініктемесін берген М. Элиаде, Р. Отто сияқты ғалымдар саналады. Рудольф Отто «сакралдылық» дегенді «ерекше тылсым дүние» деп түсіндірсе (Отто, 2008), Мирча Элиаде киелілік пен пендешілік өмірді салыстыра отырып, сакралдылықты ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын әлеуметтік құндылық ретінде қарастырады (Элиаде, 1994). Сонымен қатар, сакралдылық трансценденттілікпен (тылсым құбылыс) байланысты болмыс құндылықтарының жиынтығы, кез келген мәдениеттің негізгі әмбебап белгісі ретінде қаралады (Беляева, 2024: 43).

Темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдармен байланысты атаулар – заттай және рухани мәдениеттің тілдегі таңбасы, символдар жиынтығы ғана емес, халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихы мен мәдениетінің, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының көрінісі ретінде этнолингвистиканың зерттеу нысаны ретінде алынады.

Тілші-ғалым Е. Жанпейісовтің сөзімен айтар болсақ, этнолингвистика

өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін ғана емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасынан айқынырақ көрінеді (Жанпейісов, 1994: 4). Осы орайда қазақ халқының өткен тарихы мен мәдениетінің даму жолында ұлт болмысын, әдет-ғұрпын, өнері мен кәсібін, оның ішінде темір ұсталығы өнерінің тілдік ерекшелігін айқындауда этномәдени лексиканың ақпарат көзі бола алатыны анық. Өйткені темір ұсталығына қатысты әрбір атаудың тілдік-мәдени семантикасында қазақ халқының ежелден бастау алатын қасиетті құндылықтары жатыр.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада халық тілінде кеңінен қолданыс тапқан темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы атаулар қарастырылып, олардың тілдік-мәдени семантикасын айқындау бағытында талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында тілдік бірліктерді сипаттау, салыстыру және талдау әдістері, этномәдениеттанымдық тәсілдер қолданылды.

Жалпы қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы, наным-сенімі, салт-дәстүрі мен ырым-жоралғылары, кәсібі мен өнері жайлы Ш. Уәлиханов, В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев, В.Н. Татищев, Н.С. Паллас, А.И. Левшин, Н.П. Рычков, Ф. Мюллер, А. Янушкевич т.б. зерттеушілердің еңбектерінде, күнделіктері мен жазбаларында бірқатар мәліметтер бар.

Жұмыс барысында ұлт болмысы мен дүниетанымын, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың рухани-мәдени мұрасын оның тілі арқылы танып-білу

бағытындағы этнолингвистикалық зерттеулер бойынша белгілі тілші-ғалымдар Ә. Қайдар, М. Копыленко, Р. Сыздықова, Н. Уәли, Е. Жанпейісов, Б. Қалиұлы, Р. Шойбеков, Ж. Манкеева, Қ. Ғабитханұлы, т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып, қазақ мәдениеті мен мифологиясын жаңғыртуға сүбелі үлес қосқан отандық С. Қондыбай, Т. Әсемқұлов, З. Наурызбай, Ш. Тохтабаева, З. Сұрағанова сияқты этнограф-мәдениеттанушы, мифолог-ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ М. Элиаде, Р. Отто сияқты шетелдік ғалымдардың зерттеулері, энциклопедиялар мен сөздіктер және басқа да еңбектер пайдаланылды.

Қазақ халқының болмысынан, дүниетанымынан туындаған тілдік фактілердің сырын ашып, мағынасын айқындауда этнолингвистикалық бағыттың бастауында тұрған В. Гумбольдт, Э. Сепир, Л. Вайсбергер, Б. Уорф, Н.Ю. Шведова, Г.В. Колшанский және т.б. лингвистердің зерттеулерінің маңызын атап өткен жөн.

Н.И. Коновалованың «Сакральный текст как лингвокультурный феномен» монографиясы дәстүрлі рухани мәдениеттің көрсеткіші болып табылатын сакралды мәндегі мәтіндерді зерттеуге арналған. Еңбекте тіл мен мәдениеттің ерекше құбылысы ретінде халықтың наным-сенімі, ырым-жоралғыларында орын алған сакралды белгілер талданып, кешенді лексикографиялық моделі берілген. Автор сакралды мазмұндағы мәдени ақпараттарды жеткізудің семиотикалық тәсілдерін, сондай-ақ оларды этнолингвистикалық, психоллингвистикалық, когнитивтік және әлеуметтік лингвистика,

лингвомәдениеттану сияқты ғылым салаларымен байланыста қарастыру жолдарын ұсынады (Коновалова, 2007).

Талдау

Темір ұсталығы қазақ халқының қолөнер кәсібінің бір түрі ретінде оның рухани мәдениетінен ерекше орын алады. Ұсталар халық сенімінде ежелден табиғат күштерін басқара алатын ерекше тылсым күштің, адамдар мен рухтар әлемі арасын байланыстырушы қасиет иелері ретінде құрметтелді. Темір ұсталарының болмысындағы ерекше құбылыстар бұл кәсіп иелеріне қатысты сөздердің семантикасында көрініс тапты. Темір ұстасының қасиетін білдіретін қазақтардың архаикалық мифологиялық түсініктерін, наным-сенімдері мен ырым-жоралғыларын талдау осы өнерге қатысты туындаған негізгі лексемалардың, фразеологиялық және паремиологиялық бірліктердің, олардың символдық мәні мен әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының мәдениетіндегі темір ұсталығы өнерінің тарихы тереңде жатыр. Түркі халықтары көшпелі өмір салтына және құрал-саймандар, қару-жарақ пен тұрмыстық заттар жасау қажеттілігіне байланысты ежелгі заманнан бері металл өңдеумен айналысты. Энциклопедиялық анықтамаға сүйенсек, «адам баласы алғаш рет жай темірмен емес, метеориттік темірмен танысқан сыңайлы. Қалай болғанда да, ежелгі халықтардың тіліндегі темір металына қатысты атаулардың мағынасы осындай ойға жетелейді. Ежелгі мысырлықтардың тіліндегі «*бени-пет*» сөзі «*аспан темірі*» деп аударылып жүр, ал ежелгі гректік *sideros* сөзі латынның *sidus* – «жұлдыз, аспан денесі» деген

сөзімен байланыстырылады. Б.з.д. хетт мәтіндерінде темірдің аспаннан түскен металл екендігі айтылады.

Металға және металлургияға қатысты атаулардың төркіндерін анықтай білу – арғықазақ, сондай-ақ жалпы түркі тарихының даму кезеңдерін көрсетуге аз да болса өз үлесін қоса алатын ізденіс саласы. Өйткені сөз мыңжылдықтарға созылған уақыттың ақпаратын бойында сақтай алады (Қондыбай, 2024: 919).

Белгілі тілші-ғалым Р. Шойбеков мұндай атаулардың бойында бүгінгі күнге дейін сақтап келген ұлттық колориті арқылы этностың өткен дәуірдегі өзіне тән ерекшелігін, өзіндік қасиеттері жөніндегі таным-түсініктер өрісін кеңейте түсетінін, сондай-ақ қолөнер лексикасының мәдени, дүниетанымдық ерекшеліктерге аса бай, ұлттық тіл байлығымыздың ауқымды қабатын құрайтын күрделі таңбалар жүйесі екендігін жазады (Шойбеков, 2006: 7).

Тілдің кумулятивтік (мұрагерлік) қызметі арқылы халықтың рухани-мәдени мұрасын, тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын және басқа да құндылықтарын тіл арқылы зерттеп-зерделеу бағытына орай, қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі темір ұсталығы өнеріне қатысты атаулар да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырғаны анық. Академик Ә. Қайдар бұл жөнінде былай дейді: «Кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әртүрлі заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер

жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы жетуі мүмкін» (Қайдар, 1998: 21).

Этносты танып-білуде лингвистикамен қатар басқа да ғылым салаларының өзіндік үлесі бар. Тілдік деректерді басқа ғылым салаларымен байланыстыра зерттеу жайлы этнолингвист-ғалым Е. Жанпейісов былай дейді: «Этнолингвистика этносқа қатысты культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеулердің синтезі іспетті. Этнолингвистика бұл зерттеулерді өзара байланыстыра, сабақтастыра қатар алып жүруді, үйлестіре жүргізуді талап етеді» (Жанпейісов, 1994: 4).

Темір ұсталығы өнеріне қатысты сакралды ұғым арқалаған тілдік бірліктердің кейбіріне тоқталайық:

Ұста – «темірші» және «шебер» тәрізді іргелес ұғымдарды білдіретін атау. Ең алдымен, ұста деп, әдетте темірден неше түрлі бұйым, қару-жарақ жасайтын адамды айтады. Металмен жұмыс істейтін ұстаны түркі халықтарында *ақ ұста*, *қара ұста* деп ажыратқан. Қара ұста деп қара темірден (кейде мыс пен жезден) бұйым жасайтын шеберлерді, ақ ұста деп қара ұстаның әдіс-тәсілдерін түгел меңгерген және алтын-күмістен көркемдік бұйымдар жасайтын, шеберлік шыңына көтерілген адамдарды атаған (Қазақтың этнографиялық..., 2017: 5-т., 554-555).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «*Ұста* – темірден, ағаштан неше түрлі бұйым жасап шығаратын шебер адам», ал «*Ұстахана* – темірден әртүрлі заттар жасап шығаратын шеберхана» (Қазақ...,



Сур.1. Самарқанд ұстасы. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан. И 71-68

Fig.1. Samarkand blacksmith. From the fund of Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (the Kunstkamera). И 71-68



Сур. 2. Қазақ ұсталары. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан. И 1718-47

Fig.2. Kazakh blacksmiths. From the fund of Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (the Kunstkamera). И 1718-47

2008: 862) деп берілген.

Қазақ тілінде ұсталыққа қатысты «Ұстаны соққан пышағынан танысың», «Ерінбесең ұста боларсың», «Ұста өлсе де, ұсталық өлмейді», «Ұстаның қолы ортақ», «Ұстаға жұмыстың қиыны жоқ», «Ұсталығы болған аш қалмас», «Көп көрген – нұсқа, көп істеген – ұста» сияқты мақал-мәтелдер қалыптасқан.

Осы сипаттағы лингвокультуремалар мен этнографизмдер, одан туындайтын тұрақты тіркестердің түп тамыры ұлт санасында тұрақты түрде сақталып, этномаркерлік деңгейге жеткен таңбалардан бастау алады. Соның аясында ұлттық санада құрылымдалған дәстүрлі дүниетаным мен руханият жүйесі оларды таңбалаған тілдік бірліктердің (фразеологиялық, паремнологиялық, прецеденттік тіркестерде, этнолексикада, т.б.) мазмұны кешенді зерттеу негізінде жаңғырып, «кілті» ашылады (Манкеева, 2018).

Тілші-ғалым Ж. Манкеева өз зерттеулерінде лингвомәдени таңбаға

салынған ақпараттарды «кілтпен» аша білуде «мәдени код» түсінігін бөліп көрсетеді. Ғалым тіл арқылы ұлт болмысын анықтайтын мәселелердің мазмұны мен түйін-дәйектері ұлттың мәдени кодында астарланғанын жазады (Манкеева, 2008).

Темірші – темірден тұрмыстық, шаруашылық бұйымдар мен құрал-саймандар, қару-жарақ жасайтын ұста, шебер. Теміршілер темірден басқа, мыс, жез, қола тәрізді металдарды да пайдаланады. Алайда, зергерлер тәрізді алтын, күміс және асыл тастарды өңдеумен, олардан бұйымдарды әшекейлеп жасаумен айналыспайды. Өйткені темірші темірден түйін түйетін ұста болғанмен, зергерлердің әдіс-тәсілдерін қолданбайды. Сондықтан темірші ұстаның қара ұста деп аталатын тобына жатады.

Қазақ теміршілері ұзақ замандар бойы тұрмысқа зауыттан шыққан тауарлар енгенге дейін халықтың темірден жасалатын тұрмыстық, шаруашылық және әскери құрал-

жабдықтарға деген сұранысын қанағаттандырып келді. Сондықтан олар ел ішінде беделді болды. Сонымен бірге теміршілерді қасиетті адам санады. Өйткені олар – ертедегі әлеуметтік топтардың ішінде темір бұйымдар дайындау үшін бірінші болып отты меңгерген адамдар. Темірді суару тәсілі де олардың от пен суды қатар меңгергенін көрсетеді. Оларды алғаш металл қорытушылар, металлургияның негізін қалаушылар деуге болады. Ертеде теміршілердің кеңді тасты балқытып, темір айырып алуы, от пен суды пайдаланып, одан қару-жарақ, түрлі бұйымдар соғуы олардың тылсым күштің, ерекше қасиеттің иесі деп танылуына себеп болды. Осымен байланысты оларға әрі құрметпен, әрі қорқып қараған (Қазақтың этнографиялық ... 2017: 5-т., 358-361).

Тіліміздегі темір ұсталығына қатысты этномәдени атаулар семантикасындағы сакралды ұғымдар мифтерден бастау алады. Кез келген қоғамның қала берді күллі адамзат тарихының негізгі өзегі, таным-түсінігі мен бүтіндей болмысы мифологиядан басталады. Тіпті ғылымның негізі де осы мифте жатыр деуге болады.

Қарапайым сана бойынша миф дегеніміз – бұл ертегі, ойдан құрастырылған хихаяттар деп есептеледі. Бірақ XX ғасырдың ортасынан бастап академиялық ғылым миф ешқандай ойдан шығарылмаған, адамзат қоғамының өткенінен хабар беретін, түбірінде шындық жатқан ақпарат деген түсінікке келді. Академик А. Лосев мифті «жоғарғы деңгейдегі ақиқат» деп атайды. Оның пайымынша, миф атаулының барлығында да әртүрлі уақытты әр халықтың бейсаналық құрылымымен, тотемдік ойлау

логикасымен анықталатын белгілі бір жалпыға ортақтық бар. Солай болса да әрбір ұлт пен халықтың өз таным-түсінігі болмыстық сипаттағы өз мифін тудырады. Яғни Ф. Ницше тілімен айтсақ, «Мифсіз қандай мәдениет болса да өзінің табиғи күшінің шығармашылық сипатын жоғалтады: тек жекелеген мифтермен ғана олардың ой-өрісі қандай да бір тұтас мәдени қозғалыспен тұйықталады» (Бүркіт Нұрасыл, 2020: URL).

Мифтік тұрғыдан «темір» сөзінің этимологиясы да «о дүние», «төменгі дүние», «өлілер дүниесі» деп аталатын түсініктер аумағында қарастырылады:

1. Темір – о дүние, жерасты немесе суасты дүниесінің бас кейіптеушісі «төмен, төменгі» деген сөздермен байланысты.

2. «Темір» деген металл атауы да, ең алдымен, осы жерасты қойнауына байланысты, мифтік Темір бейнесіне қатысты шыққан туынды сөз. Мифтік Темір темірші, ұста функциясын атқарушы болуы мүмкін, өйткені көптеген мифтік дәстүрлерде ұста-металшылар ең алдымен төменгі дүниемен байланысты болып суреттеледі.

3. Қазақ тіліндегі «тамшы», «таму», «тамыр», «тамызық» сөздері де осы Темір – «жер асты», «суасты дүние персонификациясы» дегенге қатысты шыққан туынды сөз болып табылады.

«Темір» сөзі қазіргі мағынасында 6-8 ғасырлардағы көктүріктер заманынан бері өмір сүріп келеді, 1 500 жыл бойына айтылу сипаты да, мағынасы да еш өзгеріске түспеген осы сөздің жасының әлденеше мыңжылдықтар тұңғығына кететініне сенуге болады.

Бұл сөз о баста мүлде басқа мағынаға ие болып, белгілі бір уақыт ауқымында әлденеше мағыналық өзгерістен

өтіп, тек ақыр аяғында ғана темір металының атауына айналғандығын жоққа шығаруға болмайды. Осындай ойдың туындауына түрткі болып отырған – шумер тілі. Түркі-шумер (мәдени) туыстығын дәйектеген Олжас Сүлейменовтің салыстырма кестесінде шумердің «*тибира*» (медник), «*забар*» немесе реконструкцияланған «*дабар*» (медь, бронза) сөздерінің жалпытүркілік «*темір*» (*тебір, тібір, дебрь, табір, дэбір, темүр, томор, төмүр, төмүз*) сөзіне сәйкес келетіндігі көрсетілген (Қондыбай, 2024: 129).

Халық арасында «*Темір сырын отта танытады*» деген нақыл темір өңдеуде оттың маңызына орай айтылған, себебі темірді қыздырып жасытуға, балқытуға жоғары температура қажет. Өңдеуге қызған темір қолайлы. «*Темірді қызған кезде соқ*» деген мақал теміршілердің тәжірибесінен қалыптасқан. Темір өңдейтін шеберлер көміршінің ағаштан сапалы дайындалған көміріне әркез мұқтаж болған, өйткені көрік желді, көмір қазулы болса ғана темір өңдеу жұмысы жеңіл болған. Осыған орай халық ішінде «*Темірші көміршіге үйір*» деген мақал қалыптасқан (Пиязбаева, Фазылжанова, 2023: 47).

Түркі ғұламасы Махмұт Қашқари сөздігінде темірге қатысты «там» негізді түркінің үш сөзі берілген: «тамдұ» және «тамдұқ» сөздері «*от жалыны, тамызық*» деп, «тамұ» сөзі «*тамұқ, тозақ*» деп аударылған және «там» сөзі кәдімгі «үй, мола, там» дегенді білдіреді.

Алғашқы екеуінің арасында мағыналық жақындық бар, яғни «от жалыны, тамызық» (тамдұ, тамдұқ) пен «отқа өртеу тозағы» («темір үй») функциясын атқарған «тамұ» ұғымының арасын от пен от жалыны жалғастырып тұр (Қондыбай, 2024: 129-130).

Қазақтарда да әрбір кәсіптің киелі

пірі болады деген сенім бар, кәсіби жұмысты істеуде сол пірге сиыну дәстүрі ертеден қалыптасты. Көне діни түсінік бойынша, бұл қолдаушы пірлер кәсіп иелеріне өз саласында жақсы жетістіктерге қол жеткізуге көмек беріп, істерін бағыттап, қорғап отырады-мыс. Сондықтан бір істі бастарда кәсіп иелері міндетті түрде өз пірлеріне сиынып, дұға оқып, олардан медет тілеген. Мысалы, қару-жарақ жасарда қазақтар темір өңдеуді, қару-жарақ жасауды игерген бірінші адам ретінде Дәуіт пайғамбарға арнайы дұға оқып, қолдау сұраған. Қазақтардың Дәуіт пайғамбар ауырған адамды емдейді, әртүрлі зұлым күштерден сақтайды деген сенімі ұсталар соққан қаруды емдеу ырымдарында, зұлым күштерден қорғану ырымдарында қолдануының бір негізі болды. Қазақ батырлары өздері асынған жауынгерлік қарулар мен қорғаныс жарақтарының әр түрінің пірі болады деп сеніп, Ер дәуітті сауыт пен қылыштың пірі санаған.

Жалпы, Шығыс халықтарында әрбір кәсіптің киесі болатынына, оның бастауында рухани ұстаз, қасиетті пір тұрғандығына сенген. Кәсіптің иесі туралы түсініктер исламға дейінгі дәстүрлерден басталады. Мысалы, темір ұсталардың пірі мифтік кейіпкер Бапы хан болса, ислам діні енгеннен соң Дәуіт пайғамбар саналды (Қазақтың этнографиялық...2017: 5-т., 40-42).

Белгілі ғалым, мифтанушы Т. Әсемқұлов «Жылан қайыс» ырымының сипаттамасы» атты еңбегінде қазақтың дәстүрлі мәдениетінде теміршілік өнердің және ұстаның өзі де қасиетті мәртебе иелері екендігін, қазақ ұсталары табынып келген теміршілік өнердің, жалпы металлургияның пірі, жебеушісі Бапы хан болғандығын, сондай-ақ теміршілік өнердің жылан

патшасы Бапы ханның берген сыйы екендігін жазған.

«Жылан қайыс» ырымы баланың төрт жасына толған, яғни қоян мүшел жасына келген кезінде жасалады. Баланың әкесі темір ұстасымен бір күнді белгілеп, айтылған күні теміршінің үйіне барады. Темір ұстасы үйдің іргесіне сауыт-сайман, қару-жарақты үйіп қояды. Ұста көрігін басып, темір соғып, үстіне жылан түстес шекпен киіп, ырымды бастайды. Ырым бойынша ұста екі аяғын алшақ қойып, баланы аяғының астынан ары-бері екі рет өткізеді. Бала еңбектеп өткенде алдымен сауыт-сайман киіп, екінші рет өткенде қару-жарақ тағынады. Ырымды аяқтау алдында ұста алақанын отқа қақтап алып, баланың бетін сипайды. Кейде ырым соңында балаға жаңа есім беріледі.

Аяқ арасынан еңбектеп өтудің көптеген басқа мәдениеттерде бала асырап алу, жаңадан дүниеге келу, сондай-ақ жаңа сапада қайта өмірге келу мағынасы бар. «Жылан қайыс» салтында бала символдық түрде қасиетті адамнан қайта туылады. Жаңа есім баланың жаңа мәртебесі мен жаңа мәнін растайды. Бұл салт нақты инициациялық сипатқа ие (Әсемқұлов, 2022: 26-32).

Этнограф, мәдениеттанушы Ш. Тохтабаеваның зерттеулерінде мифологиялық пірлермен қатар темір ұсталарына бұл өнер түрі сабақтастық жолымен аруақ арқылы қонатыны айтылады. Ғалымның пікірінше, темір ұстасының шығармашылық шабыты олардың түсінде аян арқылы беріліп отыратыны да ерекше құбылысты танытады. Тағы бір қызық факт: егер ұста ұзақ уақыт бойы жұмыс жасамай, ойға алған істі орындамаған жағдайда, қатты ауырады. Сол кезде рухтар келіп, ұсталық өнерді жалғастырушы ретіндегі

тағдырын қайтадан еске салып, тіпті кәсіби кеңестер береді екен. Ұсталардың көпшілігі өздеріне дарыған қолөнер сыйы жайлы «Пайғамбар менің қолыма түкірді» дейді. Бір қызығы, кәмелетке толған кезде әулеттік қолөнерді ұстанбайтын адамдар сынақ ретінде келетін ауруға шалдығады. Бала кезінен әкесінен немесе атасынан оқыған және осы салада ұзақ үзіліссіз жұмыс істеген ұсталар ешқандай ауыр сынақтарға ұшырамайды (Тохтабаева, 2005: 213-2015).

Темір ұсталары рухани тазалыққа аса мән берген. Белгілі мәдениеттанушы З. Наурызбаева түркі мәдениетіндегі темір ұсталарынан талап етілетін физикалық және рухани тазалыққа назар аудара отырып, бұл өнердің темір ұсталарына олардың игілікті істері үшін көктен берілген сый екендігін жазады (Наурызбаева, 2013: 128).

Этнограф-ғалым З. Сұрағанованың «Түркі-моңғол мифтік дәстүріндегі темір ұсташының бейнесі» мақаласында түркі-моңғол әлемінде ұста бейнесінің алуан түрлі болып келетіні, мифологиялық ұғымда құдай кейпінде, құдайдың қызметшісі, елді мекеннің жебеушісі, ұста қолөнерінің қорғаушысы, сондай-ақ билеуші, пайғамбар, діни қызметкерлердің дәстүрін жалғаушы бейнесінде көрініс табатыны жөнінде айтылады (Ұлы дала...2018: 73-79).

Белгілі мифтанушы С. Қондыбай ұстаның төменгі дүниенің (о дүние) мифтік кейіпкері екендігін және оның төменгі дүниемен байланыстылығы жайлы айғақтардың басқа мифтік дәстүрлерден де көптеп табылатындығын көрсете отырып, «Ұста – төменгі дүниелік» дегенді аксиома ретінде қабылдай аламын» деп жазды (Қондыбай, 2024: 924).

Қазақта темірден түйін түйген ұсталарды «темірші», «дархан» деп, ал ұстаның шеберханасын дүкен деп те атаған.

Дүкен – байырғы кездегі темірші ұсталардың жұмыс істейтін және құрал-жабдықтарын сақтайтын үйі, ұстаханасы. Ондай үйді кей жерлерде көбінесе ұстаның қасиетті саналған көрігі тұратындығына байланысты көрік үй деп те атаған.

Дүкендегі көріктің қалдығын сұрап алып, суға салып жуынса, шошыну мен денеге шыққан бөрткенге шипа болады деп санаған. Ауырып, шалық тиген әйелдерді ұста дүкеніне әкеліп түнеткен, төске тәу еткізген (Қазақтың этнографиялық...2017: 2-т., 93-94).

Дүкен майлау – ұста, зергерлердің жаңа дүкен салынып, жұмысқа кірісер алдында атқаратын ғұрыптық рәсімі. Жаңа ұстахана салынғаннан кейін есігінің оң жағына отбасының берекесі

артсын, молшылық пен байлық молайсын деген ниетпен кәрі жілік іліп қоятын болған. Дүкен елді мекеннен біршама алыс жерде, ауыл шетінде орналасатын болған. Дүкен майлау рәсімін орындау кезінде құрбандыққа мал сойылып, құдайы тамақ беріліп, темір ұсталарының пірі – Ер Дәуіт пайғамбарға тәу еткен. Дұға оқылып, бата берілетін болған. XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарына дейін дүкендегі көрік терісін, оттық пен төстің де бетін майлау салты сақталып келген (Сураганова, Казанбаева, 2022: URL).

Дүкен майлау салты, оның ішінде отқа май тамызу ғұрпы көптеген мәдениеттерде кездеседі. Бүліс-шараның атаулары әртүрлі болғанымен, негізгі идеясы – ерекше тылсым күш ретінде *отқа тәу ету*. Бұл рәсімнің бастауы өте көнеден қалыптасқан бүкіл адамзатқа ортақ ғұрып болса керек. Уақыт өте діни наным-сенімдердің өзгеруіне



Сур.3. Дүкен («Түркістан альбомы». 1871-1872)
Fig.3. The shop ("Turkestan album". 1871-1872)

байланысты қолданыстан шығып, ұмыт болғанымен, отқа табынуға байланысты ғұрыптар ұсталық кәсіпте сақталып қалды. Ал ұсталық кәсіпте сақталуының басты себебі, металды өңдеуде негізгі жұмыс процестерінің барлығы дерлік оттың күшімен атқарылатындығында. Қазақтардың ұстахана, дүкендерді киелі орын деп санауы да осы оттың кереметіне табынудың сақталып келген сарқыншағы деуге әбден болады.

Дүкен майлаудың және бір қыры ұсталық кәсіптік тылсым күштермен байланыстырылып, солардан күш-қуат, іске сәттілік сұраумен байланысты қалыптасып, мұсылман діні тараған кезде дұға оқып, құрбан шалумен ауыстырылған болса керек (Қазақтың этнографиялық...2017: 2-т., 95).

Сібір халықтарындағы темір ұсталығы өнері туралы зерттеумен айналысатын ғалымдардың пікіріне назараударатын болсақ, темір ұсталарын құдайдың қасиеті қонған адамдар деп, олардың тікелей отпен байланысты кәсіп иелері екендігін жазады. Мәселен, темір ұсталығы өнерін зерттеуші ресейлік ғалымдар К.А. Сағалаев, А.Г. Гомбожалов еңбектерінде темір ұстасы – металл өңдеуге қатысты барлық дәстүрлі мәдениеттерде өзіндік орны бар, аса ерекше құрмет иесі ретінде қарастырылған. Зерттеушілердің айтуынша, түрлі халықтардың мифтерінде темірмен жұмыс істеу өнері тікелей Жаратушымен байланыста қаралады.

Сібір халықтарының мәдениетінде темір ұсталарының кәсібі тікелей отпен байланысты болды. Сондықтан темір ұсталары ауыл шетінде орналасып, бүкіл уақытын тек жұмысқа арнаған. Адамдармен жиі араласпайтын темір ұсталарының болмысы жұмбақ

сырларға толы болғандықтан, оларды бақсыларға теңейтін» (Сағалаев, Гомбожалов, 2013: 53-54).

Дін тарихын зерттеуші, мәдениет философы М. Әлиаде Сібірдің бақсылық дәстүрінің де темірмен байланыстылығын жазды. Олардың ортақтығы «отқа үстемдік етуінен» көрінеді. Бұл «үстемдік» адамның өз табиғатын, болмысын жеңетін күйге жетуін білдірді. М. Әлиаденің пікірінше, темір ұстасы жасаған қару-жараққа да сиқырлы күш дариды. Оларды сиқырлы құралдарға айналдыра алатын тек темір ұстасының тылсым күші, жұмбақ өнері (Әлиаде, 1998: 187).

Қазақ тілінде «От көктен, су таудан түсті» делінеді. Халық арасында айтылатын бұл сөздің шындыққа жанасатыны: жер бетіндегі сулар (өзен, бұлақ, жылға, көл, т.б.) таудың басындағы мәңгілік мұз айдындарының күн аптабымен еруінен пайда болса, жер бетіндегі орман-тоғайларды өртейтін отты адамзат о баста аспаннан түскен найзағайдан алғанын аңғартып тұр (Қайдар, 2004: 444). Сондай-ақ халық найзағай жарқылдағанда есік алдындағы жерге балта, шот сияқты темір аспаптарды жайып, ошағындағы оттың көп болуын тілеген. Тіліміздегі бұндай мысалдар темір ұсталығы кәсібінің отпен байланысты екендігін айқындай түседі.

М. Әлиаденің жазуынша, Солтүстік-Батыс Америкада темір ұсталары аса құрметке ие, олардың қолөнер дағдылары құпия болып келеді және ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, тек отбасы мүшелеріне ғана беріледі.

Африкалық Конгодағы темір ұсталары да мұрагерлік жолмен берілетін ұсталар гильдиясын құрып, мұндай бірлестік мүшелерінің

бақсылыққа тең әлеуметтік мәртебесі болған. Оларды «сиқыршы» немесе «темір ұстасы» деп аталатын «қожайындары» басқарған. Африканың кейбір жерлерінде бас темір ұстасы, әдетте, ауылдың негізін қалаушы болып саналады және оның қолөнері «тұқым қуалайды» (Элиаде, 1998: 187).

Халық санасында темір ұстасының өзі ғана емес, оның құрал-саймандары да қасиетті саналады. Сондықтан теміршінің төсіне отыруға болмайды. Онда ұстаның қолы жүрмейді, отырған кісі де дертке шалдығады. Қайта темір ұстасының төсін көргенде алақанымен төсті басып, қолын ерніне тигізіп, маңдайын сипап тәу етеді. Сондай-ақ ант бергенде кеудесіне төс ұру салты болған. Теміршілер кейде шошынып ауырған баланы ұстаханаға алып келіп, қорық деп аталатын әдіспен емдеу шарасын қолданған. Ол үшін ішіне су құйылған ыдысты баланың басынан сәл жоғары ұстап тұрып, қорыған қорғасынды шар еткізіп құйып жіберген. Қазақ теміршілері осындай

қасиеттері мен қызметіне байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында құрметті әлеуметтік топ өкілдері саналған (Пиязбаева, Фазылжанова, 2023: 47-48).

М. Элиаде Африка елдеріндегі темір ұсталығы өнеріне қатысты жазбаларында темір ұсталарының өздерімен бірге құралдары да қасиетті саналатынын жазған. Ұстаның балғасы, төсі, көрігі тылсым күштерге ие. Негізі, ұста құралдары өздерінің бойындағы құдіретті күшті темір ұстасының көмегінсіз-ақ қолдана алады деп саналады. Мысалы, африкалық тайпалар ұста балғасында ерекше күш бар деп есептейді. Балғаның сиқырлы күшімен темір ұстасы кез келген жауын жайрата алады. Әдетте, темір ұсталары өздерінің құдіреттілігін сиқыршылыққа жұмсамайды және олардың көпшілігі ақ бақсы ретінде танымал (Элиаде, 1998: 191-192).

Көрік – металды қыздыру, балқыту үшін оттыққа жел беріп тұратын ұстаның үрлегіш құралы. Халық көрікті киелі аспап ретінде қастерлеген. Себебі



Сур.4. Көрік. ҚР Ұлттық музейі қорынан.
НҚ 11884

Fig.4. Bellows. From the fund of the National museum of RK. НҚ 11884



Сур.5. Көрік. ҚР Ұлттық музейі қорынан.
НҚ 11885

Fig.5. From the fund of the National museum of RK. НҚ 11885

шеберлердің жақсы бұйым жасауы осы көріктің жұмысына байланысты болған. Еңбектің нәтижесі, өнімділігі осы көрікке байланысты. Сондықтан қазақта «Көрігің желді, көлігің жемді, көйлегің жеңді болсын» деген тілек те айтылады.

Көшпелі ортада көрікті аса киелі заттар қатарына жатқызады. Оның мәні отты кие тұту мен мұсылман діні ықпалымен қалыптасқан ұсталықтың пірі Дәуіт пайғамбар атымен тікелей байланысты. Көрікке байланысты төмендегідей ғұрыптық мәнді ұстанымдар кездеседі: «көрікке табанды (әсіресе, етіктің табанын) қаратып жатуға болмайды», «көрікті жинап қойған кезде оған ақтық байлап, белуардан биік жерде сақтайды», «көрікті және оның


оттығын аттауға, көрік құрылған орынды басуға тыйым салынады», «әр күн сайын ұста іске кірісерде «Дәуіт ұста ісімді оңдай көр!» деп сыйынады», «көрік басқа біреуге тарту етілмейтін, балаға мұра болып қалатын қасиетті зат ретінде әулетте сақталады», «қолданылмай бос тұрған көрікке қызыл мата байлап қойса, көріктің киесі ашуланбай, бейтарап болады», «көріктің оттығындағы күлді суға араластырып, шошынудан жабысқан бөрткенді жуса, шипа болады», «жын қысып» ауырған адам (оны «Дәуіт жыны бар» деп санаған) көрік маңына жиналған темір қоқымын емге алып пайдаланған», «көріктің пірі разы болсын деп, анда-санда көрікті құрып, іс жасап отыру дұрыс деп саналған, сөйткен жағдайда көрік ұстаған әулеттің кейінгі ұрпағына бұрынғы ұста аталардың аруағы қонады».

Көрікпен бірге оны басуға арнайы дайындалған көмір, отты көсеуге арналған көсеу, шымшуыр, төс, балға, балта сияқты ұсталық құралдары қатар жүреді.

Төс – үстіне металл қойып, балғамен соғып өңдеуге арналған орнықты болат құрал. Ұста-шеберлер металды төске салып, балғамен соғу, созу, кесу, ию, шыңдау, шеку, қақтау, бұрау тәрізді тәсілдермен өңдейді.

Әрбір қазақ ұстасы дүкен құрған күні мал сойып, көрші-қолаңын шақырып, дүкен майлау ғұрпын атқарғанда тұтанған көріктің оттығына май құюмен бірге төстің бетіне де ырымдап май жаққан (Қазақтың этнографиялық...2017: 5-т., 440).

Балға – қатты заттарды соғуға, металды соғып өңдеуге, шеге қағуға, орақ шыңдауға, уатып бөлшектеуге және т.б. жұмыстарға арналған, темір не шойыннан жасалған салмақты басы бар ағаш сапты құрал.



Сур.6. Көрік. Самарқанд. 1931. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан. И 71-13

Fig.6. Bellows. Samarkand. 1931. From the fund of Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (the Kunstkamera). И 71-13



Сур.7. Теміршінің құралдары. С.М. Дудин. Ұлы Петр атындағы Антропология және этнография музейі (Кунсткамера) қорынан. № 1199-291

Fig.7. Tools of blacksmith. S.M. Dunin. From the fund of Peter the Great Museum of Anthropology and Ethnography (the Kunstkamera). № 1199-291

Белгілі ұста Д. Шоқпарұлы темір ұсталары қолданатын шой балға туралы айта келіп, онымен жұмыс істеу тәсілін былайша түсіндіреді: «Темір ұстасының көрік басып, балға соғып тұратын көмекшісін балғашы деп атайды. Оның тұтынатын балғасының салмағы 2 кг-нан 16 кг-ға дейін болады. Салмағы ауыр болып келетін балғаны ұсталар шой балға дейді. Отқа қызған темірді ұста бір қолындағы қысқышпен қысып ұстайды да, төске төсеп қолындағы орта салмақтағы балғамен ұрып, балғашыға жөн сілтеп отырады» (Қазақтың этнографиялық... 2017. 1-том. – Б. 528).

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі темір ұсталығы өнерінің айқын үлгілері болып табылатын тілдік бірліктер – сөздер, еркін сөз тіркестері, фразеологизмдер,

мақал-мәтелдерді этнолингвистикалық әдіспен талдау арқылы бүгінге дейін жетіп, асыл мұра ретінде сақталып келе жатқан темір ұсталығы өнеріне қатысты киелі ұғымдағы атаулардың (темір, темірші, ұста, дүкен, көрік, төс, балға, от, т.б.) этномәдени семантикасы айқындалып, олардың тілдік-мәдени мағынасы қазақ халқының ежелден бастау алатын наным-сенімдерімен, аңыз-әпсаналарымен, тұрмысындағы салт-дәстүрі мен ырым-жоралғыларымен астасып жатқандығы нақтыланды.

Қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігіндегі, болмысы мен дүниетанымындағы, кәсібі мен өнеріндегі ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерді, соның ішінде темір ұсталығы өнеріне қатысты таным дүниесіндегі түсініктерді темір, ұста, дүкен, көрік, төс, от және т.б.

сөз формаларының мағыналарына орнықтыра білген. Осыған орай, сакралды ұғымдағы темір ұсталығына қатысты атаулардың қазақтың ұлттық кодында сақталған мәдениетіміздің ақпараттық дерегі бола алатындығы негізделді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, темір ұсталығы өнері – қасиетті ұғым. Оның негізгі өзегін құрайтын сакралды ұғымдарды белгілейтін тілдік бірліктер қазақ тілінің этномәдени лексикасы тобын құрайды. Ондай тіл бірліктерін этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу этнос, халық тілі мен мәдениеті арасындағы тығыз байланыстан туындаған ақпараттарды айқындайды. Этномәдени мазмұндағы мұндай

ақпараттар қазақ халқының ғасырлар бойы қордаланған тарихи-мәдени мұрасын, бай қазынасын насихаттау құралы болып табылады.

Сонымен бірге темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы атаулардың этномәдени семантикасын зерттеу қазақтар әлемінің тілдік әрі этникалық бейнесін жасауға, сакралды ғаламдық идеяларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақтың темір ұсталығы өнерімен байланысты сакралдылық және оған қатысты этномәдени лексикалық бірліктерді алдағы уақытта заттай және рухани мәдениет тұрғысынан музейтану және басқа да ғылым салаларымен байланыста кешенді түрде зерттеудің маңызы зор.

Алғыс: Мақала ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Дөңгеленген дүние: қазақ дала өркениетінің мәдени коды» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR22082508).

Әдебиет

1. Әсемқұлов Т., 2022. Шығармалары. Алматы. Б. 26-32.
2. Беляева Т.О., 2024. Традиционные сакральные смыслы в этнорегиональной культуре Алтая. Философия и культура. № 10. С. 43-45.
3. Боранбай Б.Е., Камшева Г.А., Оралова Г.С., Төлебаева А.Т., 2023. Сакралды ұғымдар және оның интерпретациясы. Тілтаным. № 1(89). Б. 73-79.
4. Бүркіт Н., 2020. Түрік әлемі: Қазақтың тотемдік бейнелері // Qazaqstan tarihy порталы. [Электронды ресурсы]. URL:<https://e-history.kz/kz/news/show/32223> (қаралған күні: 26.02.2025)
5. Жанпейісов Е., 1994. Этнолингвистика. Ана тілі. №3. 1994. Б. 4
6. Жүзей М., Исахан М., 2022. Руханият әлеміндегі киелі ұғымдар. Адам әлемі. №4 (94), Б. 170-181.
7. Кемелова Қ., 2024. Этнографиялық жәдігерлерді зерттеу және олардың мұралық маңызы // KAZMUSEUM.KZ порталы. [Электронды ресурсы]. URL:<https://kazmuseum.kz/s-khbat/item/2286-etnografiyalyk-zhadigerlerdi-zertteu-zhane-olardy-m-ralyk-ma-uzu> (қаралған күні: 26.02.2025)
8. Коновалова Н.И., 2007. Сакральный текст как лингвокультурный феномен. Екатеринбург. 298 с.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2008. Алматы. 862 б.

10. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2017. Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 1-том. Б. 528; 2-том, Б. 93-94; 5-том, Б. 554-555.
11. Қайдар Ә., 1998. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 21 б.
12. Қайдар Ә.Т., 2004. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы. 444 б.
13. Қондыбай С., 2024. Арғықазақ мифологиясы. Алматы. 1040 б.
14. Манкеева Ж., 2008. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы, 356 б.
15. Манкеева Ж., 2018. Тіл арқылы этномәдени кодтарды ашу. // Егемен Қазақстан, 24 қыркүйек. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/174894-til-arqyly-etnomadeni-kodtardy-ashu> (қаралған күні: 25.02.2025)
16. Наурзбаева З., 2013. Вечное Небо казахов. Алматы. С. 683-684
17. Отто Р., 2008. Священное. Санкт-Петербург. 272 с.
18. Пиязбаева А.Б., Фазылжанова А.М., 2023. Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Филология сериясы. №3 (191). Б. 47.
19. Сағалаев К.А., Гомбожалов А.Г., 2013. Кузнец и шаман. Наука из первых рук. № 5-6 С. 53-54
20. Сураганова З.К., Казанбаева З.З., 2022. Культ кузнеца у казахов: традиционные представления, ритуальные, мифологические и фольклорные аспекты. Археология Евразийских степей. № 2, С. 116-117. <https://doi.org/10.24852/2587-6112.2022.2.115.121>
21. Тохтабаева Ш., 2005. Серебряный путь казахских мастеров. Алматы. Б. 213-215.
22. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жаяуларлары. 2018. Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, 1-том. Ғасырлар қойнауынан: көрме каталогі. Б. 73-79
23. Шойбеков Р.Н., 2006. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы. Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. б. 7
24. Элиаде М., 1998. Азиатская алхимия. Москва. 187 с.
25. Элиаде М., 1994. Священное и мирское. Москва. 144 с.

References

1. Asemqulov T., 2022. Shygarmalary [Works]. Almaty. Pp. 26-32. [in Kazakh].
2. Belyaeva T.O., 2024. Tradicionnye sakralnye smysly v etnoregionalnoi kulture Altaia [Traditional sacred meanings in the ethnoregional culture of Altai]. Filosofia i kultura. № 10. Pp 43-45. [in Russian].
3. Boranbay B.E., Kamsheva G.A., Oralova G.S., Tolebaeva A.T., 2023. Sakraldy ugymdar jane onyn interpretasiyası [Sacred concepts and their interpretation]. Tiltanym. № 1(89), Pp. 73-79 [in Kazakh].
4. Burkit N., 2020. Turik alemi: Qazaqtyn totemdik beineleri [Turkic world: Kazakh totem images]. In: Qazaqstan tarihy. [E-source]. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/32223> (Accessed: 26.02.2025) [in Kazakh].

5. Janpeiisov E., 1994. Etnolingvistika [Ethnolinguistics]. Ana tılı. №3. 1994. Pp. 4 [in Kazakh].
6. Juzei M. İsahan M., 2022. Ruhaniat alemindegi kielı ugymdar [Sacred concepts in the spiritual world]. Adam alemi. №4 (94). Pp 170-181. [in Kazakh].
7. Kemelova Q., 2024. Etnografialyq jadıgerlerdi zertteu jane olardyn muralyq manyzy [Study of ethnographic artifacts and their heritage significance] In: KAZMUSEUM.KZ [E-source]. URL:<https://kazmuseum.kz/s-khbat/item/2286-etnografialyq-zhadigerlerdi-zertteu-zhane-olardy-m-ralyk-ma-yzy> (Accessed: 26.02.2025)
8. Konovalova N.I., 2007. Sakralnyj tekst kak lingvokulturnyj fenomen [Sacred text as a linguistic and cultural phenomenon]. Ekaterinburg. 298 p.
9. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Dictionary of the Kazakh language]. 2008. Almaty. 862 p. [in Kazakh].
10. Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli juiesi [Kazakh ethnographical categories, systematic review of ugymdar and ataulary]. 2017. Ensiklopedia. Almaty: TOO «Alem Damu Integrasia». Vol.1. Pp. 528; Vol.2, Pp. 93-94; Vol.5, Pp. 554-555. [in Kazakh].
11. Qaidar A., 1998. Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Problems of the Kazakh language]. Almaty: Ana tili. 21 p. [in Kazakh].
12. Qaidar A.T., 2004. Halyq danalygy (qazaq maqal-matelderinin tusindirme sozdigi jane zertteu) [Folk wisdom (explanatory dictionary and study of Kazakh proverbs)]. Almaty. 444 p. [in Kazakh].
13. Qondybai S., 2024. Argyqazaq mifologiasy [Ancient Kazakh mythology]. Almaty. 1040 p. [in Kazakh].
14. Mankeeva J., 2008. Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyn tanymdyq negizderi [Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language]. Almaty. 356 p. [in Kazakh].
15. Mankeeva J., 2018. Til arqyly etnomadeni kodtardy ashu [Unlocking ethnocultural codes through language]. In: Egemen Qazaqstan, September 24. [E-source]. URL: <https://egemen.kz/article/174894-til-arqyly-etnomadeni-kodtardy-ashu> (Accessed: 25.02.2025)
16. Naurzbaeva Z., 2013. Vechnoe Nebo kazahov [Eternal Sky of the Kazakhs]. Almaty. Pp. 683-684 [in Russian].
17. Otto R. 2008. Sveshennoe [Sacred]. Saint Petersburg. 272 p. [in Russian].
18. Piazbaeva A.B., Fazyljanova A.M., 2023. Ekonomikalyq sana transformasiynyn tildegi reprezentasiyasy [Economics of the sana transformation of sons tildegi representations]. Al-Farabi atyndagy Qazaq ulttyq universiteti. Filologia seriasy. №3 (191). Pp. 47. [in Kazakh].
19. Sagalaev K.A., Gombojalov A.G., 2013. Kuznes i shaman. Nauka iz pervyh ruk [Blacksmith and Shaman. Science from First Hand]. № 5-6 Pp. 53-54 [in Russian].
20. Suraganova Z.K., Kazanbaeva Z.Z., 2022. Kult kuznesa u kazahov: tradisionnye predstavlenia, ritualnye, mifologicheskie i folklornye aspekty [The cult of the blacksmith among the Kazakhs: traditional ideas, ritual, mythological and folklore aspects]. Arheologia Evraziskih stepi. № 2, Pp. 116-117. <https://doi.org/10.24852/2587-6112.2022.2.115.121> [in Russian].
21. Tohtabaeva Sh., 2005. Serebrannyi put kazahskih masterov [The Silver Path of Kazakh Masters]. Almaty. Pp. 213-215. [in Russian].

22.Uly dala murasy: zergerlik oner jauharlary [The heritage of the Great Steppe: masterpieces of jewelry art]. 2018. Astana: Qazaqstan Respublikasynyñ Ulttyq muzei, 1-tom. Gasyrlar qoinauynan: korme katalogi. Pp. 73-79 [in Kazakh].

23.Shoibekov R.N., 2006. Qazaq tilinin qoloner leksikasy [Craft vocabulary of the Kazakh language]. Abstract of the dissertation prepared for the degree of Doctor of Philological Sciences. Almaty. Pp. 7 [in Kazakh].

24.Eliade M., 1998. Aziatskaia alhimia [Asian Alchemy]. Moscow, 187 p. [in Russian].

25.Eliade M., 1994. Sveshennoe i mirskoe [Sacred and profane]. Moscow. 144 p. [in Russian].

Абдукамалова Э. С.

Национальный музей Республики Казахстан

Астана, Казахстан

e-mail: abdukamalovae@mail.ru

ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ СЕМАНТИКА ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ САКРАЛЬНОГО ЗНАЧЕНИЯ, СВЯЗАННЫХ С КУЗНЕЧНЫМ РЕМЕСЛОМ У КАЗАХОВ

Аннотация. На протяжении веков кузнечное ремесло занимало особое место в культуре многих народов. Кузнечное ремесло – это сакральное явление с глубоким символическим значением. Таинственные явления, связанные с кузнечным ремеслом в традиционной культуре казахов, сформировали в сознании народа сакральные понятия. В связи с этим, в статье рассматривается этнокультурная семантика языковых единиц, связанных с сакральными понятиями кузнечного ремесла в контексте историко-культурного наследия. Цель работы – определение природы сакральных понятий, закрепленных в языково-культурной семантике слов, относящихся к кузнечному делу, преемственности материальной и духовной культуры казахов.

В статье использованы методы сравнения, описания, анализа, а также этнокультурные подходы к рассмотрению национально-культурных и семантических особенностей лексических единиц, связанных с сакральными понятиями кузнечного ремесла. В результате выявлена, что в основе этнокультурной семантики слов сакрального значения содержится история, культура, обычаи и другие ценности, заложенные в культурном коде казахов. Сделан вывод о важности определения этнокультурной семантики слов сакрального значения, связанных с кузнечным ремеслом в создании языковой и этнической картины мира казахов, а также комплексного изучения этого традиционного вида искусства и связанных с ним этнокультурных лексических единиц с точки зрения материальной и духовной культуры.

Ключевые слова: кузнечное ремесло, кузнец, кузница, сакральный,

покровитель, инструменты кузнеца, мистические явления, культура.

Для цитирования: Абдукамалова Э.С. Этнокультурная семантика языковых единиц сакрального значения, связанных с кузнечным ремеслом у казахов // Мәдени мұра. 2025. №1 (108). 30-49 с.(каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.02>

Abdukamalova E. S.

National Museum of the Republic of Kazakhstan

Astana, Kazakhstan

e-mail: abdukamalovae@mail.ru

ETHNOCULTURAL SEMANTICS OF LINGUISTIC UNITS OF SACRED SIGNIFICANCE ASSOCIATED WITH BLACKSMITHING AMONG KAZAKHS

Abstract. For centuries, blacksmithing was important in the culture of many peoples. Blacksmithing is a sacred phenomenon with deep symbolic meaning. Mysterious phenomena of blacksmithing in the Kazakh traditional culture have formed sacred concepts in the worldview. The article examines the ethno cultural linguistic semantics of the sacred blacksmithing concepts in the context of historical and cultural heritage. The purpose is determining the nature of sacred concepts in linguistic and cultural semantics of words related to blacksmithing, the continuity of material and spiritual culture of Kazakhs.

The article uses methods of comparison, description, analysis, ethno cultural approaches to the consideration of national, cultural and semantic features of lexical units associated with the sacred concepts of blacksmithing. As a result, it was revealed that the ethno-cultural semantics of words of sacred meaning contains history, culture, customs and other values embedded in the cultural code of the Kazakhs. It is important to determine the ethno-cultural semantics of words of sacred significance associated with blacksmithing in creating a linguistic and ethnic picture of the Kazakh world, as well as a comprehensive study of this traditional art form and related ethno-cultural lexical units from the point of view of material and spiritual culture.

Keywords: blacksmithing, blacksmith, forge, sacred, patron, blacksmith's tools, mystical phenomena, culture.

For citation: Abdukamalova E.S. Ethnocultural Semantics of Linguistic Units of Sacred Significance Associated with Blacksmithing among Kazakhs // Madeni mura. 2025. №1 (108). 30-49 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v21.i1.02>

Автор туралы мәлімет:

Абдукамалова Эльмира Серікбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ғылыми қызметкер, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-3534-9080

Сведение об авторе:

Абдукамалова Эльмира Серикбаевна, кандидат филологических наук, доцент, научный сотрудник, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-3534-9080

Information about author:

Abdukamalova Elmira Serikbaevna, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, scientific adviser, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-3534-9080